

## №31 «Балдаурен» бөбекжайы МКҚК

Кезектен тыс педагогикалық кеңес хаттамасы №4

Өткен күні: 19 сәуір 2022 жыл

Қатысқандар: меңгеруші, 1 әдіскер, 6 тәрбиеші, 1 музыка жетекшісі, орыс тілі мұғалімі, психолог.

### Күн тәртібінде:

1. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 2 ақпандағы № 124 «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы» бұйрығы, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті төрағасының 2021 жылғы 10 қыркүйектегі № 700 «Білім беру ұйымдарының өзін-өзі бағалауын ұйымдастыру және өткізу жөніндегі әдістемелік ұсынымдарды бекіту туралы» бұйрықтары негізінде бөбекжайда 2021-2022 оқу жылдарына өзін –өзі бағалау жүргізу. /жауапты: меңгеруші Г.А.Мажитова/
2. Өзін – өзі бағалауды өткізу үшін комиссия құру.

### Тыңдалды:

**1.Г.А.Мажитова.- меңгеруші:** Білім беру ұйымы жыл сайын ұсынылатын білім беру қызметтерінің МЖМБС талаптарына сәйкестігіне 2021-2022 оқу жылдарына өзін –өзі бағалау жүргізеді және білім беру саласындағы уәкілетті органның ведомствосына, оның аумақтық бөлімшелеріне өзін – өзі бағалау материалдарын жыл сайын сайтқа ұсынады. Мемлекеттік аттестаттау – мектепке дейінгі, орта білім беру ұйымдарында, олардың меншік нысанына және ведомстволық бағыныстылығына қарамастан профилактикалық бақылау арқылы 5 жылда 1 рет білім беру саласындағы уәкілетті органның ведомствосы және оның аумақтық бөлімшелерінде ҚР Кәсіпкерлік кодексінің 137 бабы, 5тармағына және ҚР «Білім туралы» Заңына сәйкес жүргізіледі.

Өзін – өзі бағалау: талдауды, ішкі бақылауды, диагностиканы, жоспарлау құралдарын, білім беру қызметін жақсартудың түзету механизмдерін қамтиды.

Өзін – өзі бағалау білімді, білік пен дағдыларды бақылау жұмыстарын, ата аналарға немесе заңды өкілдерге сауалнама жүргізуді қамтиды. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту деңгейінде ата-аналарға сауалнама жүргізіледі. Бөбекжайда өзін –өзі бағалауды жүргізу үшін 5 адамнан кем емес құрамда аттестаттау комиссиясы құрылуы керек. Комиссия мүшелері 2021-2022 оқу жылдарының МЖМБС талаптарына сәйкестігіне өзін –өзі бағалау жүргізеді, саралайды, қорытынды жасайды. Өзін – өзі бағалауды ҚР БҒМ 2016 жылғы 2 ақпандағы №124 бұйрығымен бекітілген «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын» пайдалана отырып жүргізеді.

### Сөз сөйлегендер :

Тәрбиеші Л.Ержанова ұйымдарын бағалау өлшемшарттары қандай?

Торемуратова В.С.– әдіскер: білім беру ұйымдарының бағалау өлшемшарттарына «uzdik», zhaqsu», «ortasha» бағаларының біріне сәйкес келетін өлшеуіштер қолданылады.

2. Өзін – өзі бағалау үшін комиссия мүшелеріне төмендегідей адамдар ұсынылды:

Торемуратова В.С. №31 «Балдаурен» бөбекжайы әдіскері - комиссия мүшесі

Ешмуханбетова А.Ж. № № 31 «Балдаурен» бөбекжайы тәрбиешісі - комиссия мүшесі

Ержанова Л. № 31 «Балдаурен» бөбекжайы тәрбиешісі- комиссия мүшесі

Жұмабекова Л.А. № 31 «Балдаурен» бөбекжайы тәрбиешісі - комиссия мүшесі

Бектемирова С.Б. № 31 «Балдаурен» бөбекжайы орыс тілі мұғалімі - комиссия мүшесі

Бисенғалиева А.Б. № 31 «Балдаурен» бөбекжайы есепшісі - комиссия мүшесі

### Шешімі:

1. Бөбекжайда 2022 жылдың «25-28» сәуір аралығында 2021-2022 оқу жылына өзін –өзі бағалау жүргізілсін.

2. Өзін – өзі бағалауды өткізуге бұйрық негізінде комиссия құрылсын.

Төрайымы:  Г.А.Мажитова

Хатшы:  Н.Ж.Саин

